

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№301

2015 жылғы 27 наурыз

«Ақтөбе» ФК АҚ жоспардан тыс қаржылық бақылау жүргізу туралы» депутат Қ.Д.Елубаевтың сауалы туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 136-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес және облыстық мәслихаттың №6 Жанұзақов сайлау округінен депутаты Қ.Д.Елубаевтың сауалының негізінде Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе» футбол клубы АҚ қаржылық қызметіне бақылау жүргізу «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы » ММ-не (М.Б.Байдуллин) (келісім бойынша) тапсырылсын.

2. « Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы» ММ-не (М.Б.Байдуллин) қаржылық бақылау нәтижелері туралы облыстық мәслихатты хабардар ету ұсынылсын.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ғ. ЛАТЫПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА